

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.3 – Б.49-52

## **АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРДІ ТҮГЕНДЕУДІ ЖҮРГІЗУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ**

*Саматұлы А.*

Ел басының 2011 жылғы 12 қаңтардағы тапсырмасын орындау үшін, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министірлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті 2011-2015 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарына және 019-шы «Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін қалыптастыру» бюджеттік бағдармасына сәйкес 2012-2014 жылдары республикада ауыл шаруашылығы айналымына тартылған ауылшаруашылық алқаптарын түгендеу жүргізіледі [1].

Түгендудің мақсаты ауыл шаруашылық алқаптардың нақты көлемін анықтау және олардың жұмысы жүргізген сәттегі есептік деректермен салыстыру, ауыл шаруашылық алқаптардың жағдайын және олардың қолдануын зерттеу, пайданылмайтын алқаптардың, өнімділігі төмен егістік учаскелерінің бар- жоғын және олардың пайдалану мақсатының өзгертілуін, мал азағын өсіретін алқаптардың пайдалануын және т.б. мәселелерін анықтау болып табылады.

Түгендеу жұмыстарының көлемі мемлекеттік тапсырыс пен қаржыландыру жоспарына сәйкес белгіленген әкімшілік аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бойынша жыл сайын орындалады және олар жинақталады, оның ішінде олыстар мен республика бойынша алдын ала жүргізілді.

Түгендеу жүргізуді ұйымдастыру мен технологиясы

Түгендеу ауылдық округтар (кадастрлық квалталдар) бойынша шаруашылық жүргізу мен меншік түріне қарамастан (азаматтардың бау-бақша отырғызуға және саяжай салуға арналған жерлерінен өзге) барлық жер пайдаланушы ауыл шаруашылық мекемелерде, шаруа және фермер қожалықтарында жүргізілді.

Аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) жұмыстарды орындау үшін тиісті әкімдердің нұсқауларымен жұмыс комиссиялары құрылды, олардың құрамына аумақтық жер инспекцияларының, жер қатынастары, ауыл шаруашылық органдарының, ауыл әкімдерінің өкілдері кірді. Суарылатын жерлер бар болса, су шаруашылығы органдарының өкілдері қосымша енгізілді.

Ауыл шаруашылық алқаптарын түгендеу жұмыстарының құрамына мыналар кіреді:

- Дайындық жұмыстары
- Далалық жұмыстар
- Деректерді камералдық өңдеу
- Материалдарды дайындау, бекіту және беру.

Дайындық жұмыстар барысында жер-кадастрлық ақпараттар, алдыңғы түгендеу жұмыстарының іздестіру материалдары, табиғат пен экономикалық жағдай туралы мәліметтер, жердің құрылымы мен пайдалануы туралы деректер тексерілетін аумақтарды сипаттайтын өзге де ақпараттар жинақталып, зерттеледі. Қажетті масштабтағы жоспарлы-картографиялық негіз іріктеліп алынды және жасалады.[2]

Далалық жұмыстар барысында жергілікті жеоден ақпарат жинау, белгіленген мақсат пен міндеттерге сәйкес жер учаскелерін зерттеу жүзеге асырылады, ауылдық округтар (кадастрлық кварталдар) бойынша комиссия мүшелерінің қолы қойылған түгендеу актілері мен сызбалары жасалады.

Камералдық жұмыстар далалық тексеру материалдарын өңдеу, пайдаланатын жерлерді жақсарту туралы ұсыныстар әзірлеу, аудандар, облыстар мен республика деңгейінде жүргізілген түгендеу материалдарын жинақтау енгізіледі.

Ауылдық және облыстық деңгейде жүргізілген түгендеу материалдары ауыл шаруашылығының тиісті уәкілетті органдармен келісілді, суғармалы жерлері бар болған жағдайда-су шаруашылығы органдармен қосымша келісілді және жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдармен олардың құзыреттілігіне сәйкес бекітілді.


Аудандар мен облыстар бойынша түгендеу материалдары тиісті аумақтық жер инспекцияларына және жер қатынастары жөніндегі құзырлы органдарға, республикалық жиынтық материалдар, оның ішінде 3- жылдық жиынтық мәліметтер-Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министірлігі Құрылыс, тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетіне жіберілді[1]

1 кесте - Түгендеуден өткізілген ауыл шаруашылығы алқаптарын жылдар бойынша бөлу.

Көрсеткіштер	жылдар			Барлығы
	2012	2013	2014	
1	2	3	4	5
Түгендеу жүргізуі тиіс ауылшаруашылығы алқаптарының көлемі (мың га)	1 30 582,	1 30 582,	30 582,1	91 746,3
Саны: әкімшілік	58	53	50	161

аудандардың				
Облыстық маңызы бар қалалардың	5	6	26	37
қожалықтардың	68,0	62,2	91,4	221,6

Түгендеуден өткізілген барлық шаруашылықтардың ішінен есепке алынғандары 209,4 мың шаруа және фермер қожалықтары, 11,1 мың мемлекеттік емес ұымдар және 1,0 мың мемлекеттік мекемелер.[1]



1 Сурет

2 кесте - 2012-2014 жылдары облыстар бойынша аграрлық сектордың шаруашылық жүргізуші субъектілері пайданылатын жер көлемі мен алқаптардың түрлері бойынша ауытқушылықтар мың га

Облыстардың атауы	Есеп бойынша				Түгендеу бойынша			
	Шаруашылықтар саны, бірлік	Барлығы а\ш алқаптары	Егістіктер	Ойыс уғарылатын	Шаруашылықтар саны, бірлік	Барлығы а\ш алқаптары	Егістіктер	Ойыс суғарылатын
Ақмола	5375	10316,1	5365,9	6,1	5402	10447,6	5383,6	2,9

АҚТ өбе	4 789	8 71 8,0	8 23,9	9 ,0	4 664	9 320, 4	7 94,2	6 ,4
Ал маты	63 227	7 79 4,3	1 025,5	4 37,2	63 205	7 764, 8	1 062,8	4 56,9
Ат ырау	2 342	1 879,1	2 ,5	2 ,0	2 435	1 962, 5	3 ,3	2 ,0
Ш- Қазақста н	17 273	9 98 5,3	1 310,8	8 6,2	17 162	1 0 049 ,3	1 437,7	1 03,6
Жа мбыл	17 471	4 09 4,9	7 57,3	1 71,8	18 234	4 081, 5	7 92,9	1 77,6
Б - Қазақста н	4 618	5 00 3,0	6 20,2	1 6,6	4 755	5 395, 9	6 55,8	1 6,0
Қар ағанды	6 939	11 7 28,2	1 092,1	5 1,6	7 205	1 2 470 ,5	1 214,5	5 4,5
Қыз ылорда	3 235	1 91 0,1	1 47,7	1 47,7	3 368	1 930, 7	1 56,3	1 56,3
Қос танай	6 227	10 3 25,6	5 908,2	5 ,5	6 162	1 0 405 ,6	5 920,4	6 ,3
Ма ңғыстау	1 872	4 62 4,8	0 ,6	0 ,5	1 807	3 988, 2	0 ,3	0 ,3
Пав лодар	4 955	4 28 2,2	1 336,9	2 1,4	4 758	4 189, 2	1 512,2	2 8,9
С- Қазақста н	4 055	7 03 2,2	4 881,1	8 ,3	4 035	7 103, 6	4 868,9	7 ,4
О- Қазақста н	78 697	4 05 0,9	8 44,8	3 89,6	86 739	3 790, 7	8 59,3	3 94,2
Ал маты қ.	48 3	1,6	1 ,1	-	1 135	4 ,5	1 ,9	0 ,9
<b>Жа лпы Рес</b>	<b>22 1 558</b>	<b>91 7 45,3</b>	<b>2 4 118, 6</b>	<b>1 353, 5</b>	<b>23 1 066</b>	<b>9 2 905 ,0</b>	<b>2 4 664, 1</b>	<b>1 414, 2</b>

публикация бойынша								
--------------------	--	--	--	--	--	--	--	--

### Әдебиеттер тізімі

1.Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық айналымына тартылған ауыл шаруашылық алқаптарын түгендеу материалдары 3-жылдық кезеңдегі талдау мен жинақтау (2012-2014 жылдар). Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министірлігі. Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істер және жер ресурстарын басқару комитеті «Ауыл шаруашылығы Аэрофотогеодезиялық іздестіру мемлекеттік институті (АШАІМІ)» Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын.

2. Lisec A.,Pisek J.,Drobone S. Suitability analysis of Land use records of agricultural and forest land for detecting land use change on the case of the Pomurska Statistical Region// Acta Geographica Slovenica-Geografski Zbornik.— 2013.—2013.—Т.53,№1—С.72-83